

Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 97 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 сәуірде № 9-16-140 тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғанис істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министірлігіне мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. "Науырзым ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудандық шақыру учаскесіндегі техникалық жұмыстар үшін бір қ ы з м е т к е р б ө л с і н .

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім б о й ы н ш а) :

1) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды і з д е с т і р у д і жү з е г е а с ы р у ;

2) аудандық әскерге шақыру учаскесінде әскерге шақырылушылар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. С. Ержановқа жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Науырзым ауданының әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

А. Балғарин

"Қостанай облысы Науырзым
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ А. Тлегенов

"Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрлігі
Қостанай облысының ішкі
істер Департаменті
Науырзым ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Н. Байкасов

"Науырзым ауданы әкімдігінің
жұмыспен қамту орталығы"
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі директорының
міндетін атқарушы

_____ Е. Сұлтанов